
МЕМЛЕКЕТТІК МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ

**Тақырып:**

# ӘЛЕУМЕТТАНУ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОҚУ ПӘНІ РЕТІНДЕ.

# ЖОСПАР:

- Әлеуметтану пәні және әдістері
- Әлеуметтік білімнің қызметі және құрылымы
- Негізгі әлеуметтанулық ағымдар мен теориялар

– ӘЛЕУМЕТТІК ӨМІР ЖЕКЕ ИНДИВИДТІҢ ӨМІРІМЕН ТЫҒЫЗ БАЙЛАНЫСТЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ТІКЕЛЕЙ ӘСЕР ЕТЕДІ.

# Әлеуметтік –

**қоғамдық қатынастардың белгілері мен ерекшеліктерінің жиынтығы. Олар индивидтер мен қауымдастықтардың нақты жағдайда бірге әрекет етуі, бір-бірімен қарым-қатынасы, қоғамдағы орны, қоғамдық өмірдегі құбылыстар мен үрдістерді қамтиды.**

***«Әлеуметтану»** -*

*этимологиялық жағынан екі сөздің қосындысы: латынша* **<u>societas –қоғам және грекше logos – ілім.</u>**

**<u>Яғни қоғам туралы ғылым.</u>**

*Бұл ұғымды 1839 жылы <u>О.Конт</u> енгізді* *және* **әлеуметтанудың негізін қалады.**

# Әлеуметтану –

қоғамды біртұтас әлеуметтік жүйе ретінде және бұл жүйенің қызмет етуі мен дамуын оны құраушы элементтері (тұлға, әлеуметтік қауымдастық, институттар) арқылы қарастырады.

# Әлеуметтану-

- **тұтас әлеуметтік жүйе күйіндегі, қоғам жөніндегі, оның жүйешелерімен жекелеген элементтері туралы өз алдына дербес ғылым. Қоғам дамуының заңдарын ашады және оларды зерттейді.**

# Әлеуметтануды

- әлеуметтік жүйенің өмір сүруі мен дамуының заңдары туралы, сол заңдардың субъектілерінің, яғни әлеуметтік үлкен және кіші топтардың, адамдар қауымдастықтарының, сонымен бірге жекелеген тұлғалардың қызметінен көрініс табатын ғылым ретінде сипаттауға болады.

  Бұлар әлеуметтанудың зерттеу объектілері де болып табылады.

# Әлеуметтанудың объектісі:

**Қоғам, адамдардың өзара қарым қатынастары, түрлі топтар, адамдардың қауымдық бірлестіктері, жеке тұлғалар, олардың қажеттіліктері, мүдделері, құндылықтары, отбасы т.б.**

# Әлеуметтік білім деңгейлері:

- **Жалпы әлеуметтанулық теориялар**

Қоғам дамуы туралы ғылыми тұжырымдар жасалады.

- **Арнайы әлеуметтанулық теориялар**

Қоғамдық өмірдің жеке салаларын, әлеуметтік топтар мен институттарды қамтиды.

- **Нақты әлеуметтанулық зерттеулер**

Нақты әлеуметтік зерттеулер жүргізіледі.

**ӘЛЕУМЕТТАНУ ПӘНІ**
**(тұрғыдан)**

**ПОЗИТИВИСТІК:** қоғамдық даму заңдары

**ЖАЛПЫЛАУШЫ:** әлеуметтік байланыстар

**СУБЪЕКТИВТІ:** Әлеуметтік әрекет

**ОБЪЕКТИВТІ:** Әлеуметтік фактілер

# Әлеуметтік білім құрылымы:

Қоғамдық құбылыстар мен үрдістер туралы ақпараттар, көзқарастар, ғылыми түсініктер жиынтығы .

Қоғамды қызмет етуші және дамушы әлеуметтік жүйе ретіндегі білімдер жиынтығы.

# Әлеуметтік білім элементтері:

- Қоғамдық өмірдің жеке салаларының **қызмет етуі мен дамуы** туралы пікірлер
- Елдің әлеуметтік **құрамы және қоғамның әлеуметтік құрылымы** туралы білімдер
- **Саяси әлеуметтануға қатысты** ғылыми пікірлер, қағидалар.
- Қоғамда әрекет етуші **әлеуметтік институттардың жұмысы туралы** ғылыми тұжырымдар

# ӘЛЕУМЕТТАНУДЫҢ

# ҚҰРЫЛЫМЫ:

# Әлеуметтанудың құрылымы:

1) Мазмұндық

2) МАҚСАТТЫҚ

3) МАСШТАБТЫҚ

# 1) Мазмұндық сипаты:

**ЭМПИРИКАЛЫҚ ДЕҢГЕЙ**

**Арнайы әдістерді пайдалана отырып, әлеуметтік өмірдегі шынайы фактілерді жинау мен талдауға арналған әлеуметтік зерттеулер жиынтығы**

**ТЕОРИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙ**

**Тұтас әлеуметтік жүйе мен оның элементтерінің даму үрдісін түсіндіруші көзқарастар, пікірлер, гипотезалар, пайымдаулар жиынтығы**

**МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ ДЕҢГЕЙ**

**Әлеуметтік білімнің қалыптасуы, жинақталуы мен қолданылуы негізіндегі қағидалар жүйесі**

# 2) Мақсаттық

**Іргелі әлеуметтану**

**Әлеуметтік шынайылықтың қалыптасуы жөніндегі білімнің, әлеуметтік даму үрдісін түсіну, сипаттау, түсіндіруге қатысты ғылыми мәселелерді шешеді.**

**Қолданбалы әлеуметтану**

**Шынайы тиімді әлеуметтік нәтижелерге жетуге бағытталған теориялық модельдер, әдістер, зерттеу тәсілдері, әлеуметтік технологиялар, бағдарламалар мен ұсыныстар жиынтығы.**

# 3) МАСШТАБТЫ

**МАКРОӘЛЕУМЕТТАНУ**

(этностар, мемлекеттер, әлеуметтік институттар, топтар)

**МИКРОӘЛЕУМЕТТАНУ**

(тұлғааралық қатынастар, топтардағы байланыстар үрдісі, күнделікті шынайылық саласы)


салалар ына байланы сты:
Экономи калық
Саяси
Мәдени

# Зерттеу саласына байланысты:

- Білімдік
- Медициналық
- Ғылыми
- Спорттық
- Гендерлік
- Жастық
- Құқықтық



Әлеу
метт
ану
құқы
қ
статис
тика
психо
логия
тари
х
филос
офия
этик
а
саяс
ат
эконо
мика

**Басқа ғылымдарға қарағанда әлеуметтану ірі масштабты қарастырады (қоғамды тұтас жүйе). Сондықтан ол ірі адамдар тобын сипаттауға бейім, сол себепті ол статистикаға жүгінеді.**






**Рис. 1.1.** Три науки, изучающие поведение людей

# Әлеуметтанудың міндеттері:

- Әлеуметтік өмірге байланысты мәселелерді шешу.
- Әлеуметтік әрекетке әсер етуші мәселелерді шешу.

# Әлеуметтану қызметтері

- ТАНЫМДЫҚ
- ДИАГНОСТИКАЛЫҚ
- БОЛЖАМДЫҚ
- РЕТТЕУШІЛІК
- ГУМАНИСТІК


Қызметте
рі:
Гносеоло
гиялық
Үгіт-
насихатты
қ
Басқару
Ұйымдаст
ы
рушылық
Ақпаратт
ық
Болжамдық

**ГНОСЕОЛОГИЯЛЫҚ**

-жаңа әлеуметтік білім береді, қоғам мен әлеуметтік байланыстар туралы теория, қағида, көзқарас қалыптастырады.

**<u>Ақпараттық</u> –**

әлеуметтік білім туралы ақпарат береді.

# Басқарушылық-

- Әлеуметтік басқаруға, әлеуметтік құбылыстарды түсінуге, себепті табу, шешім іздеуге ұсыныс береді.

# **Ұйымдастырушылық-**

Түрлі топтарды әртүрлі салаларда ұйымдастыру.

# Болжамдық-

- Болашақты болжауға көмектеседі, әсіресе ұзақ жылға жоспар құрғанда маңызды.

# ҮГІТ-НАСИХАТТЫҚ-

- Қоғамда құндылықтарды, қоғамның кейіпкерлерін анықтауға мүмкіндік береді.

# Әлеуметтанудың әдістері:

| Жалпығылыми | Нақты |
|---|---|
| **Сараптама**<br>бүтіннің құрамдас бөліктерге ыдырауы | **Бақылау** |
| **Синтез**<br>бөлшектердің бүтінге ұдайы бірігуі | **Құжаттарды зерттеу** |
| **Индукция**<br>Жекеден жалпыға | **Сауалнама** |
| **Дедукция**<br>Жалпыдан жекеге | **Тестілеу** |
| **Жүйелік** | **Социометрия**<br>кіші топтардағы әлеуметтік құбылыстарды зерттеудің жеткілікті дәрежеде танымал әдісі |
| | **Әлеуметтік эксперимент…** |

# ӘЛЕУМЕТТАНУШЫЛАР:

**Фридрих Гегель,**
**Огюст Конт,**
**Герберт Спенсер,**
**Карл Маркс,**
**Эмиль Дюркгейм,**
**Макс Вебер,**
**Габриель Тард,**
**Лестер Уорд**

# Әлеуметтік білімнің дамуы кезеңдері мен бағыттары:


Даму бағыттары
Материалистік К.Маркс
Позитивизм
Антипозивитизм В.Дильтей
Психологиялық Л.Уорд
Биологиялық Г.Спенсер
Географиялық Г.Бокль
Неопозивитизм
Антропологиялық М.Шеллер
Эволюциялық
Инстинктивизм У.Мак-Дугал
Бихевиоризм Д.Уотсон
Көпшіліктік Г.Лебон,Г. Тард

- Материалистік-материалдық өндіріс.
- Биологиялық-адам саны көбеюі.
- Географиялық-климат, тамақ, ландшафт.
- Антипозитивизм-барлығы өз заңдылығы бойынша өмір сүреді, әлеуметтік фактілерді түсіну.
- Антропологиялық-адам ерекше орынға ие.
- Психологиялық эволюционизм-сана, сезім, әрекет.
- Неопозитивизм- натурализм, сциентизм, бихевиоризм, верификационизм, квантификация, объективизм.

- **Жалпыәлеуметтанулық теориялар:**

# Огюст Конт



1842 ж. өзінің **«Позитивті философия курсы»** атты еңбегңнде ең алғаш жаңа ғылыми білімнің саласын атау үшін **ӘЛЕУМЕТТАНУ** сөзін енгізеді.

# КОНТТЫҢ ҮШ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЗАҢЫ :

| |
|---|
| **Ежелгі дүние мен орта ғасырлар: 14 ғ. дейін:** ФЕТИШИЗМ. ПОЛИТЕИЗМ. МОНОТЕИЗМ. |
| **Революция кезеңі. 14-18 ғ**, соғыстық-авторитарлық басқару режимі. Капитализм дамуы. |
| **Өнеркәсіптік-әлемдік қауымдастық 19 ғ. бастап.** |

# ***Конт әлеуметтануды 2-ге бөлді:***

1. **Әлеуметтік статика** - әлеуметтік жүйелердің өмір сүруінің жағдайлары мен қызмет ету заңдылықтарын қарастырады.

2. **Әлеуметтік динамика**- әлеуметтік жүйелердің дамуы мен өзгерістерінің заңдылықтарын қарастырады.

# Г. СПЕНСЕР:

***Қоғамның органикалық теориясы:*** (ағза) мемлекет-жүрек, жүйке жүйесі-шіркеу,экономикалық өмір-зат алмасу, үкімет-ми,сауда-қанайналымы.

***Әлеуметтік эволюция теориясы:*** *барлық қоғамдардың дамуы ұқсас (қарапайымнан күрделіге)*

*Қоғам индивид үшін өмір сүреді.*

# Э. ДЮРКГЕЙМ:

- ***Әлеуметтік шындық теориясы*** және ғылыми әдіс: эмпирикалық, теориялық, фундаментальдық, қолданбалы зерттеулерді біріктірді.
- Әлеуметтік фактілердің табиғатына үңіліп салыстырмалы түрде қарастыру қажет.
- Өзіне-өзі қол жұмсау

# МАКС ВЕБЕР:

- ***Түсінуші (verstehen) әлеуметтану теориясы***: түсіну үшін өзіңді оның орнына қою.
- Идеалды түр түсінігі: зерттеушінің басында эталон ретінде қалыптасады.

К.Маркс: әлеуметтік теория (материализм)

В.Белинский: терістеу менің құдайым.

А.И.Герцен: орыс социализмі

Чернышевский: нағыз еркіндік үшін күрес

М.Бакунин: тұлғаның бостандық идеялары

М.Ковалевский: плюралистік әлеуметтану

П.Сорокин: әлеуметтік неопозитивизм

- Т.Парсонс: құрылымдық қызметтік сараптама
- Р.Дарендорф: шиеленіс қоғамға тән күй
- У.Ростоу: экономикалық өсу кезеңдері теориясы
- Р.Арон: индустриалдық қоғам теориясы
- Дж. Хоманс: әлеуметтік әрекет және экономикалық рационализм
- Дж.Адамс,Дж.Уолтер: әділетті айырбас теориясы